

Еуразиялық Топтың Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Саясаты мен Қағидаттары

Біз, Еуразиялық Топтың басшылығы, Топ кәсіпорындарының қауіпсіздігі үшін жауапкершілігімізді терең сезіне отырып, Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы осы Саясат пен Қағидаттарды қабылдаймыз. Біз оларды жеке өзіміз қатаң сақтауға, сондай-ақ барлық деңгейдегі басшылардың, оның ішінде Дивизиондар мен кәсіпорын басшыларының, Топ кәсіпорындарының барлық мамандары мен жұмысшыларының, Топ аумағында жұмыс істейтін мердігер ұйымдардың басшылары, мамандары мен жұмысшыларының, тіпті келуші қонақтардың да бұл талаптарды мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етуге міндеттенеміз.

САЯСАТ:

Еуразиялық Топ тау-кен металлургия кешені мен энергетика, сондай-ақ логистика мен АТ сияқты қосалқы салалардың кәсіпорындарын біріктіреді.

Еуразиялық Топ өзінің күнделікті қызметін жүзеге асыруда және даму стратегиясын құруда бизнестің тұрақты әрі әлеуметтік жауапты даму қағидаттарына сүйенеді. Топ басшылығы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударады. Біз күнделікті жұмысымызда да, стратегиялық жоспарлау кезінде де адамдар мен өндіріс қауіпсіздігі әрдайым ең жоғары басымдыққа ие болатынын мәлімдейміз. Сондықтан:

Біз ешқандай жарақат пен апатсыз іске асқан жұмыстар мен жобаларды ғана табысты деп санаймыз.

Топ кәсіпорындарындағы қазіргі жағдайды ескере отырып, біз өз алдымызға және Топтың барлық басшылары, мамандары мен жұмысшыларының алдына мынадай басты стратегиялық мақсат қоямыз: Өлімге әкелетін және әкелуі мүмкін жарақаттануды толықтай болдырмау!

Осы кезек күттірмейтін мақсатқа қол жеткізгеннен кейін, біз бұдан да биік белестерді бағындырып, ЕҚЖӨҚ саласындағы түпкі мақсатымызға – жарақатсыз, оқыс оқиғаларсыз және апатсыз тұрақты өндіріске ұмтылатын боламыз.

Қойылған мақсаттарға жету үшін Еуразиялық Топтың ЕҚЖӨҚ саласындағы Қағидаттарын қатаң сақтауды міндет деп білеміз.

ЕУАЗИЯЛЫҚ ТОПТЫҢ ЕҚЖӨҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАҒИДАТТАРЫ



1. ҚАУІПСІЗДІКТІҢ БАСТЫ ОРЫНДА БОЛУЫ.

Өндіріс қауіпсіздігі – ең жоғары құндылық және ол өндірістік, қаржылық немесе өзге де көрсеткіштерден жоғары тұрады. Кез келген шешім қабылдағанда, соның ішінде процестерді өзгерту немесе тиімділігін арттыру кезінде, жұмысты қауіпсіз орындау қажеттілігі мен оны тиісті ресурстармен қамтамасыз ету міндетті түрде ескерілуі тиіс.



2. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ НАҚТЫ БӨЛУ.

Топ кәсіпорындарының әрбір басшысы, маманы мен жұмысшысы атқаратын қызметіне қарай өндіріс қауіпсіздігі үшін өз жауапкершілігін толық біліп, түсінуі қажет. Атап айтқанда:

1) Қауіпсіздік үшін негізгі жауапкершілік барлық деңгейдегі және барлық функционалдық бағыттағы басшыларға жүктеледі. Себебі кез келген жұмыстың көлемін анықтау, тапсырыс беру, жоспарлау, ұйымдастыру, сондай-ақ жұмыстың орындалуын бақылау және нәтижесін бағалау кезіндегі басшылардың шешімі қауіпсіздікке тікелей әсер етеді.

2) Топ кәсіпорындарының ЕҚЖӨҚ қызметтерінің мамандары ЕҚЖӨҚ басқару жүйесін енгізуге және оның жұмыс істеуіне, мемлекеттік және корпоративтік талаптардың сақталуын бақылауға, адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда кез келген жұмысты дереу тоқтатуға, анықталған мәселелерді тиісті деңгейдегі басшыларға уақытылы жеткізуге, сондай-ақ қажетті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету бойынша кеңес беруге жауапты.

3) Әрбір басшы, маман және жұмысшы, лауазымы мен қызметіне қарамастан, өз жұмысы мен міндеттерін орындау кезінде ЕҚЖӨҚ саласындағы мемлекеттік және корпоративтік талаптарды сақтауға, сондай-ақ адам өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген кезде өзінің немесе өзгелердің жұмысын дереу тоқтатуға жауапты.



3. ЕҚЖӨҚ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ТАЛАПТАРДЫ ТЕРЕҢ БІЛУ.

Топ кәсіпорындарының әрбір басшысы, маманы және жұмысшысы өзі атқаратын немесе өзі басқаратын жұмыс саласына қатысты мемлекеттік және корпоративтік қауіпсіздік талаптарын толық білуі және оларды іс жүзінде қолдана алуы тиіс.



4. ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК – КОМПАНИЯДА ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ БАБЫНДА ӨРЛЕУДІҢ ШАРТЫ.

ЕҚЖӨҚ саласындағы мемлекеттік және корпоративтік талаптарды бұзу кінәлі тұлғаларға қатысты тәртіптік жаза қолдануға, тіпті жұмыстан шығаруға дейін, негіз бола алады және болуы тиіс. Ал қызмет бабында өрлеуге тек қауіпсіз жұмыс істей алатынын іс жүзінде дәлелдеген жұмысшылар мен мамандар және өз жауапкершілік аймағында қауіпсіздікті қамтамасыз ете алған басшылар ғана үміткер бола алады.



5. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ НЕГІЗІНДЕ КҮШ-ЖІГЕРДІ БАСЫМ БАҒЫТҚА БӨЛУ.

Әрбір басшы, маман және жұмысшы өзі басқаратын немесе орындайтын жұмыстағы ең жоғары тәуекелдерді білуі тиіс. Ең алдымен, күш-жігер мен ресурстарды өлімге әкелетін немесе әкелуі мүмкін жарақаттанудың, сондай-ақ ірі апаттар мен өрттердің алдын алуға бағыттау қажет.



6. ОҚИҒАЛАР МЕН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ӘРЕКЕТ ЕТУГЕ ДАЙЫН БОЛУ.

Топ кәсіпорындарының әрбір басшысы, маманы және жұмысшысы, қаншалықты күш салғанмен де, оқыс оқиғалар мен төтенше жағдайлардың туындау ықтималдығы бар екенін түсінеді. Сондықтан ол зардаптарды барынша азайту мақсатында өзінің мамандығына, лауазымына және функционалдық міндетіне сәйкес мұндай жағдайларда қалай әрекет ету керектігін білуі және орындай алуы тиіс.



7. ОҚИҒАЛАРДЫ ЖАСЫРУҒА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫНА ТӨЗБЕУШІЛІК.

Сабақ алу және қайталануын болдырмау мақсатында барлық оқыс оқиғалар тіркеліп, талдануы қажет. Оқиғаның нақты немесе ықтимал салдары қаншалықты ауыр болса, оған жасалатын талдау да соншалықты мұқият болуы тиіс. Талдаудың басты мақсаты – оқиғаның түпкі себептерін анықтау және болашақта Топ периметрінде осындай оқиғаның қайталануын мүлдем болдырмайтын шараларды әзірлеп, іске асыру.